

1. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы Білім және ғылым министрінің 16 қарашадағы 29 №521 бұйрығымен бекітілген. URL: <http://www.5s.ucoz.ru/pudl/2-1-13>
2. Аронова. А. Патриоттарды тәрбиелеу. М.: Просвещение, 1989.-175б.
3. Золотова Л.А. Бауыржан Момышұлы туралы / -2002. - № 7. - Б.124-125.
4. Патриотизм, халықтар достығы, діни төзімділік рухында тәрбиелеу. Дөңгелек үстел // педагог.2000.№5.б. 41-58

Садықов К.И., Мукашев Ж. К., Маликов Е.Н.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды
Садыкова А. Е.
ҚРІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ БІЛІМІН ШЫНДАП ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда болашақ отан қорғаушыларды елжандылыққа тәрбиелеудің алатын орыны ерекше болмақ. Біздің пікірімізше тәуелсіз мемлекеттер достығы тарихында отансүйгіштік тәрбие және әскери-патриоттық туралы білім беру тәртіптері мен жолдары ғасырларға тамырымен терең кеткен. Жалпы әлемдегі өркениеттің дамуындағы ерекшелік Тәуелсіз Қазақстан, Мәңгілік Ел жағдайында біз оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беруді Қазақ әскери педагогикалық негізінде қарастырамыз. Себебі жаһандану заманында тәрбиелеу процесі батыс еуропа мен американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Сондықтан халықтық салт – дәстүрлік педагогика негізінде оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің дара сара жолы болады деп есептейміз. Қазақстан қазіргі жағдайда геосаяси және географиялық ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1-қыркүйек 2023 жылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселенің жоғары екендігі аталып өтті[1].

Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Қазақстанның орта білім беру орындарында оқушыларға этностық ерекшеліктерді, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін назарға алу жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі. Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі көпшілік жағдайда сөз, мәліметтік сипатта болып, мектептерде оқушыларды міндетті түрде қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысуын қарастырмады, олардың патриоттық бағытын дамытуды қиындатты. Бұл қазіргі таңда көптеген мәселелерді қайта қарауды және оқушыларды жалпы Отанның өткендегі ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыруды талап етеді. Әсіресе бүгінгі таңда табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық, білім ғана емес, әсіресе өнегелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды болып табылады[2].

Қазақстан Республикасының оқу орындарында, мектептерде алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқыту барысында жан-жақты зерттеу нәтижесінде оқушылардың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыратын алғашқы әскери дайындық сабағын өткізудегі рухани-ізгіліктің элементтерін енгізу қажеттігі мен оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу мүмкіндіктерінің арнайы зерттелмеуі, ерекше көзқарас қалыптастыру мазмұнының ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделмеуі мен ондағы сабақ өткізудегі рухани-ізгілік құндылықтарының кең қолданылмауы арасында түбегейлі қарама-қайшылық орын алып отыр.

Қазіргі жаһандану заманында, өкінішке орай патриоттық тәрбиенің қажеттілігі туралы көзқарастың әлсіреуі байқалады. Сондай-ақ, бүгінгі адам дүниетанымын қалыптастыратын рухани кеңістіктің көне ата-тектік танымдық-тәрбиелік өзектерден ажырап, одан адасып қалғандығында депте айтуға болады. Өйткені, әлі де болса имандылыққа қанша ұмтылғанымызбен, біз ата-бабадан қалған отаншылдықтың киелі шарттарынан алыс тұрған сияқтымыз. Сондықтан, халықтың патриоттық сезімін қалыптастыру үшін осы бағытта белгілі бір этно-мәдени тәрбие жүйесі қалыптасуы керек.

Мұның барлығы бүгінгі таңда мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің маңызы мен қажеттілігін, бүгінгі күн талабынан шығып отырған мәселе екендігінің куәсі[3]. Сондықтан біз өз мақаламызда келесі өзекті мәселерді шешуді алға қойдық:

- Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында оқушылар бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың мәнін ашу және оны теориялық тұрғыда негіздеу.

- Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын өткізу мен ұйымдастыруда заманауи талаптарға сай мектеп оқушыларының патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын және оның тиімділігін тәжірибелік эксперименттік тексеруден өткізу.

Алдымызға қойылған зерттеу мақсатын іске асыру Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ағалды кентінің «Жалпы білім беретін мектебі» КММ базасында 2024 жылдың екінші оқу жартысында 49 оқушының қатынасуымен өтті. Біздің зерттеу жұмысымызда бірінші кезекте жасалған сұрақнама қорытындысы бойынша, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарында оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің және әскери қызметке қызығушылығы жеткіліксіз деңгейде екендігін анықтадық. Бұдан шығатын қорытынды оқушылардың патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы курстық жұмыстарды ұйымдастыру. Сондықтан экспериментке қатынасушы оқушылардың әскери патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыру» атты арнайы курс енгізіліді


1-кесте . «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарында оқушылардың әскери патриоттық білімін шыңдап жетілдіруді қалыптастырудың» факультатив – жоспары

Тақырыптың аты	Сағат саны	
	Дәріс	Семинар
Оқушылардың патриоттық білімін шыңдау – адаматтық көзқарас қалыптастырудағы маңызы	2	
Әскери педагогика арқылы патриоттық көзқарас қалыптастыру	2	
Жастардың патриоттық білімін шыңдауда әскери тәрбиенің мазмұны		2
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні арқылы болашақ отан қорғаушыларды тәрбиелеу.		2
Барлығы:	4	4

Ондағы алдымызға қойылған мақсаты «Алғашқы әскери дайындық» сабақтарындағы тәрбие құралдарының негізінде оқушылардың әскери патриоттық білімін шыңдап әскери көзқарас қалыптастыру.

Мектеп оқушыларының патриоттық білім деңгейін тексеріп-анықтау мақсатында біз үш деңгей белгілеп, сол бойынша эксперимент-тәжірибе жұмыстарын жүзеге асырдық.

Сурет -1. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарын ұйымдастыруда, патриоттық білімін шыңдап жетілдірудің қалыптасу деңгейінің диаграмасы



Бақылау тобы Эксперименттік тобы

Жоғарғы деңгейі – отансүйгіштік тәрбие бойынша түсініктері жоғары, әскери өмір саласындағы рухани мұраларды біліп, оның әскери тәрбиенің алғы шарты екендігін түсініп, әскери патриоттық білімін шындап қалыптастырудың мазмұнын терең анықтай алатын, олардың теориялық және эмперикалық ұстанымдарын тұтас қабылдайтын, әскери қызметшілердің отанын қорғаудағы ізгі қасиеттерін құрметтейтін, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарында әскери қызметті құрметтеу көзқарастың жоғары екендігін таныта білуі болып табылды.

Орта деңгейі - отансүйгіштік тәрбие бойынша түсініктері бар, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарында әскери құндылықтар жөніндегі білімдерін түсінеді, патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын меңгеруге қызығушылықтары бар және танып білуге талпыныс білдіреді, бірақ аса үлкен қызығушылық танытпайды, Қазақстан Республикасы азаматы ретінде, әскери қызметті құрметтеу көзқарасын толық айқын көрсете алмайды.

Төменгі деңгейі - отансүйгіштік тәрбие бойынша жалпылама түсініктері бар, патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарына қызығушылық танытпайды, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарында әскери қызметті түсініп білуге аса ықылас білдірмейді, өзінің әскери тәртіптік іс әрекетін бағалауға жауапсыздықпен қарайды, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери қызметке көзқарасы немқұрайлы болады.

Эксперименттік-тәжірбие «Алғашқы әскери дайындық және технологиялық» дайындық сабақтарында өзіміздің дайындап жасаған факультатив курстық бағдарламаны арқау еттік. Аталмыш бағдарлама «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарында берілетін оқушыларының патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы бойынша әскери көзқарастың бірлігін, тұтастығын және сабақтастығын жан-жақты қамтып, болашақ отан қорғашылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы бойынша әскери тәрбиенің нәтижелі жүзеге асырылуына тірек болады:

-заманауи талаптарға сай оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуді, қарым-қатынас, іс әрекет және білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуын өзін - өзі басқару арқылы;

-болашақ әскери жетекшінің оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі дербестігін дамыту және қабілеттерін жетілдіруді жүзеге асыру.

Біздің пікірімізше осылардың барлығы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарын өткізумен ұйымдастыруда оқушыларылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы бойынша әскери көзқарастың даму деңгейлерімен, әр түрлі өмірдегі әлеуметтік жағдайларда отан сүйгіштік және дұрыс адамгершілікті мінез - құлық көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады. Зерттеу барысында біздің түйген пікірімізше оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдіруде «қажетсіну» мен «қолымнан келеді», «парыз» деген патриоттық білімді жетілдіру әскери парыз сенімге бағытталған ниет әскери сезімге деген бейімділіктерін жүйелі дамытуға негізделген тапсырмалар, танымдық ықпал жасайтын әскери қолданбалы

ойындар ұйымдастыру, патриоттық әскери көзқарастарды қалыптастырудың - тиімді жолдарының бірі деген ойдамыз.

Алғашқы I-кезең. Анықтау эксперименті «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» үдерісінде оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы бойынша, сабақтарды мақсат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарын ұйымдастыруда оқушылардың заманауи талаптарға сай патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын және отансүйгіштік көзқарастарды қалыптастыру. Яғни, оқушылар өздерінің патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын, сондай-ақ отансүйгіштік ұғымын қалай түсінеді, оған көзқарастары қандай, аталмыш сабақ үдерісінде патриоттық білімін шындауды, елжандылық көзқарастарды қалыптастырудың қандай жолдарын біледі, әскери мұрадағы тәрбие тәжірибенің әсері бар ма, тағы басқа заманауи патриоттық тәрбие мәселелер төңірегіндегі ой-пікірлерін, ұғым-түсініктерін зерделеу. Осындай бірізді реттілікпен айқындалған оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы, отансүйгіштік көзқарастың қалыптасу деңгейлері, әскери оқытушы ұйымдастырушының сабақты ұйымдастырудағы патриоттық көзқарасты етене қалыптастыруды жүзеге асыруда жүйелі ықпалда әрекет жасауға мүмкіндік туғызады.

Эксперименттік-тәжірибиелік жұмысқа 49 оқушы қатысты. Оның 24 эксперименттік, 25 бақылау тобына кіреді. Анықтаушы эксперимент барысында сауалнама көмегімен оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыру және отансүйгіштік көзқарас деңгейін анықтадық. Сауалнама жауаптарын сараптау, бізге оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасуы, заманауи тұрғыда отансүйгіштіктің түсініктің мәні, жалпы еліміздің қарулы күштеріне көзқарас туралы субъективті түсініктері мен білімдері туралы хабардар етті. Оқушылардың мектеп қабырғасында өткізілетін заманауи патриоттық іс-шаралар бойынша біліктілігі, болашақ отан қорғаушылардың патриоттық сезімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы, әскери өмір туралы білім деңгейлері қанағаттандырылғы болғанымен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарын ұйымдастырып өткізуде әскери білім деңгейлерінің төмендігі байқалды.

Зерттеу барысында анықталған жағдайды негізге ала отырып, біз оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптасуы бойынша біліктілігін тереңдету мақсатында, қалыптасушы тәжірибе алдында біз эксперименталды және бақылау топтарының оқушыларының алдында патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдары бойынша қосымша ақпараттармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргіздік. Сабақ өткізумен ұйымдастыру үдерісінде қалыптасқан оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын және елжандылық көзқарастың деңгейін анықтадық.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабақтарын ұйымдастыруда оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасу деңгейі – 2 кестеде берілген.


Кесте-2

Деңгейлері	Бақылау тобы			Эксперименттік тобы		
		білік, іскерлі	қызығушылық	білім	білік, іскерлі	қызығушылық
Жоғары	13,6%	12,2%	12,1%	64,5%	56,4%	59,2%
Орташа	26,3%	25,6%	24,6%	35,5%	43,6%	25,8%
Төмен	60,1%	62,2%	61,3%	-	-	15%

Аталмыш пән сабақтарын өткізумен ұйымдастыруда оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыруды анықтау, бақылау және қалыптастыру экспериментін жүргізу кезіндегі алынған зерттеу көрсеткіштері оқушылардың теориялық, іс-тәжірибелік даярлығы бойынша бойынша білімі, білігі мен іскерлігі, ал әскери пәнге қызығушылығы жоғары, орташа, төмен көрсеткіштерінің нәтижесіне ден қоятын

болсақ және анықтаушы эксперимент нәтижесімен салыстырып тоқталатын болсақ, анықтаушы экспериментпен бақылау эксперимент нәтижесін салыстырғанда оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастру және отан алдында әскери борышыын өтеп қызмет жасауға көзқарасы бойынша, эксперименттік топта жүргізілген факультатив және тағы басқа патриотизм тақырыбында жүргізілген шаралардан кейін жоғары қызығушылығы 59,2 пайызға өсті, орташа 1,8 пайызға артты, төмен 40,5 пайызға кеміді. Білім жоғары 51,3 пайызға өсті, орташа 11,4 пайызға артты, төмен деңгейі 56,4 пайызға кеміді. Білік іскерлік жоғары 43,8 пайызға, орташа 20,2 пайызға, төмен 56,6 пайызға кеміді.

Сурет -2. оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарының қалыптасу деңгейінің диаграммасы



Оқушылармен жүргізілген бақылау тобы эксперименттің нәтижесін 2-суреттен көруге болады. Мектеп қабырғасында эксперименттік жұмыс жүргізу қортындысы бойынша аталмыш пәнді оқыту үдерісі мен сабақтан тыс уақытта өткізілетін патриоттық тәрбие бойынша іс-шаралардың атқарылуы, зерттеу жұмыстарында оқушылардың патриоттық білімін шындап жетілдірудің әдістері мен жолдарын қалыптастыруда қажетті іскерліктер және дағдыларды игеруге және отансүйгіштік әскери көзқарастарының дамып жетілуіне көмегін тигізді деген пікірдеміз.

Әдебиеттер:

1. Қасым-Жомарт Тоқасевтың 1-қырықкүйек 2023 жылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана,-01.09.2023ж.
2. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 10 қазандағы №200 Жарлығы.
3. Н.Р.Рамашов., А.Н.Иманбетов. - Әскери патриоттық тәрбие негіздері: Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды: 2013ж. – 157б.

Біраяқ Ж.Б., Кайырбеков Е.Д., Нуркеев Р.Ж.
 Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Патриоттық тәрбие дегеніміз - оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін, оны қорғауға үнемі дайындығын біртіндеп қалыптастыру. Сонымен қатар, отансүйгіштікке тәрбиелеу - бұл оқушылардың бойында өз Отаны мен өз халқы үшін

мақтаныш сезімін, оның ұлы жетістіктері мен өткеннің лайықты беттерін құрметтеу сезімін қалыптастыру жөніндегі тынымсыз жұмыс [1].

Экономикалық ыдырау, қоғамның әлеуметтік саралануы, рухани құндылықтардың құнсыздануы ел халқының көптеген әлеуметтік және жас топтарының қоғамдық санасына теріс әсер етті, патриотизмді қалыптастырудың маңызды факторлары ретінде қазақстандық мәдениеттің, өнер мен білімнің тәрбиелік әсерін күрт төмендетті. Біздің қоғамның дәстүрлі қазақстандық патриоттық сананың біртіндеп жоғалуы барған сайын байқала бастады. Объективті және субъективті процестер ұлттық мәселені айтарлықтай шиеленістірді. Патриотизм кейбір жерлерде ұлтшылдыққа айнала бастады. Интернационализмнің шынайы мағынасы мен түсінігі көп жағдайда жоғалды. Қоғамдық санада немқұрайлылық, өзімшілдік, индивидуализм, мотивацияланбаған агрессивтілік, мемлекет пен әлеуметтік институттарға құрметсіздік кеңінен таралды [2].

Әскери және Мемлекеттік қызметтің беделінің төмендеуінің тұрақты тенденциясы байқалды. Осы процесстердің барлығы тақырыптың өзекті екенін айқындайды.

Көптеген танымал ғалымдар, көрнекті педагогтар, талантты жазушылар, философтар мен публицистер өз еңбектерінде патриоттық тәрбиеге ерекше орын бергені белгілі. Патриоттық тәрбие мәселелері отандық ғалымдардың зерттеуі болып табылады. Патриотизм тақырыбы Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов және басқа да көптеген қазақстандық қайраткерлердің еңбектерінде кездеседі. Философ Абай Құнанбаевтың ойынша, шынайы патриотизм - бұл өз халқына деген сенім, қорықпаушылықпен ұштасқан, өз халқына деген сүйіспеншілік, оның іс-әрекетіне шынайы жанашырлықпен сүйемелденетін және өз халқына нақты практикалық көмек сияқты факторлардың үштұғырлығы. Мұхтар Әуезов былай дейді: «кеңестік патриотизм - бұл өз Отанының барлық халықтары үшін, бүкіл болашақ ұрпақ үшін, әкелер үшін, аналар үшін терең ойластырылған еңбек» [3].

Патриоттық тәрбие мемлекеттің жан-жақты, жүйелі, мақсатты және үйлестірілген әрекеті болып табылады. Мемлекеттік қызмет шеңберінде азаматтық және патриоттық тәрбиені жаңғырту және дамыту негіз болып табылатын білім беру мазмұны жаңартылды. Нәтижесінде Қазақстан азаматының мемлекетпен және қоғаммен қарым-қатынасы түбегейлі өзгереді. Жеке тұлғаны қалыптастыру кезінде азаматтық, құқықтық, саяси мәдениеттің үйлесімі қабылданады. Бұл процеске дамыған моральдық, құқықтық және саяси мәдениетті біріктіретін қазіргі заманғы мектеп үлес қосуы керек.

Қазіргі таңда мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу болып табылады, оның негізінде ел жастарын ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындау, әскерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстанға қатыстылығы үшін жоғары мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанды қорғауға тұрақты дайындық жатыр. Осы тұрғыда мектеп тұлғасы, болашақ Отан қорғаушы қандай болуы керек? деген сұрақ туындайды.

Бұл жоғары білімді, физикалық тұрғыдан дамыған, жоғары моральдық принциптері бар азамат болуы керек. Бұл біздің басты мемлекеттік құжат болып табылатын заңмен бекітілген ҚР - дағы ұлттық білім доктринасы. Ол білім беру саласындағы мемлекеттік саясат арқылы тәрбие мен оқытудың мақсаттарын, оларға қол жеткізу жолдарын айқындайды. Жастарды әскери қызметке дайындау және әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі біздің міндеттеріміз ҚР Әскери міндет және әскери қызмет туралы Заңында нақты айқындалған.

Патриоттық тәрбиенің мақсаты жас ұрпақтың бойында жоғары қасиеттерді, оларды қоғам мен мемлекет мүддесі үшін іске асыруға дайындықты қалыптастыру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай негізгі міндеттерді орындау талап етіледі:

- патриоттық тәрбиені насихаттау мақсатында мектептерде, колледждерде, университеттерде ұйымдастырушылық қызмет жүргізу;
- жастардың сезімдері мен білімдерінде патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен нанымдарды бекіту;
- Отанның өткеніне, салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу;

- жастар арасында Отанға деген адалдықты нығайту және өз мемлекетін қорғауға дайындығын күшейту.

Патриоттық тәрбиенің мазмұны біздің қоғамның ерекшеліктерімен, динамикасымен және даму деңгейімен, оның экономикалық, рухани, әлеуметтік-мәдени, саяси және өмірдің басқа салаларының жағдайымен, жас ұрпақты қалыптастыру проблемаларымен, осы процестің дамуының негізгі тенденцияларымен анықталады.

Патриоттық тәрбие принциптері өзара байланысты, біртұтас жүйені құрайды, оны басшылыққа ала отырып, педагогтар тәрбие мақсаттары мен міндеттерін тиімді орындауды қамтамасыз етеді, білім беру және мәдениет мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың, БАҚ және патриоттық тәрбие бойынша отбасылардың қызметін қоғамдық және мемлекеттік реттеудің міндетті шартымен білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын педагогикалық практикада іске асырады.

Патриоттық тәрбие қағидаттарына тәрбиенің бағыттылығы жатады:

- бірлік пен тұтастықты нығайту;
- халықтың әртүрлі санаттарының (мектепке дейінгі, бастауыш сынып оқушылары, жасөспірімдер, жоғары сынып оқушылары, студенттер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметшілер, қалалар мен ауыл тұрғындары) ерекшеліктерін тәрбиелеуде есепке алу;
- Қазақстан халықтарының тарихи қалыптасқан достық қарым-қатынастарын сақтау және дамыту, оларды біртұтас мемлекетке біріктіру;
- ұлтаралық қайшылықтар мен қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге жәрдемдесу;
- нәсілшілдікті, ұлтшылдықты және діни алауыздықты насихаттауды жою;
- ел халықтары мен ұлттық азшылықтарының теңдігін қамтамасыз ету;
- нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ету;
- еліміздің халықтары мен діни конфессияларының өзара қарым-қатынасында оңды нығайту;
- ұлттық, азаматтық – патриоттық және жалпыадамзаттық тәрбие берудегі үйлесімділік;
- әрбір жаңа ұрпақтың бойында басқа халықтардың құндылықтарын қабылдау үшін ашық ұлттық сана – сезімді қалыптастыру;
- ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу;
- діни және жалпы адамзаттық әр түрлі халықтардың конфессиялық ерекшеліктері, діндердің тең мәртебесін сақтау;
- халықтар арасындағы құрмет пен сенім сезімін, діни төзімділікті және басқа да көптеген принциптерді тәрбиелеуде дәстүрлі діндермен ынтымақтастықты сақтау [4].

Патриотизмде халықтың ең жақсы ұлттық дәстүрлері Отанға қызмет етуге деген адалдықпен үйлесімді үйлеседі. Патриотизм ұлтшылдыққа, сепаратизмге және космополитизмге жат интернационализммен тығыз байланысты.

Оқушыларды патриоттық тәрбиелеу - бұл оқушылардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық сезімін, азаматтық борышын және Отан мүддесін қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын қалыптастыру жөніндегі жүйелі және мақсатты іс-әрекет. Бұл дүниені патриоттық тәрбие процесінде әртүрлі құралдар мен тәсілдер арқылы қалыптастыру қажет. Батыр тұлғалар туралы айта отырып, олардың моральдық негіздері мен іс-әрекеттерінің мотивтерін атап өту керек, өйткені бұл баланың жан дүниесіне әсер етуі мүмкін.

Оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу теориясы мен практикасын меңгеру, оларды әскери қызметке, Отанға лайықты қызмет ету міндетін орындауға жан - жақты дайындау - оқу орнының педагогикалық ұжымының, мектептегі әскери-патриоттық жұмыстың міндеттерінің бірі. Мектепте әскери-патриоттық жұмыс жүйесін құру азамат пен Отан қорғаушының жеке басын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған тәрбие мен оқыту процесінде әлеуметтік маңызды құндылықтарды, азаматтықты және патриотизмді қалыптастыруды және дамытуды көздейді.

Мектептегі әскери-патриоттық жұмыс жүйесі жүйені, оқушылардың патриоттық сезімдері мен санасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Патриоттық

тәрбие жоспарлы, жүйелі, тұрақты және тәрбие қызметі саласындағы басым бағыттардың бірі болуға тиіс.

Патриоттық тәрбие жүйесі өзгеріссіз қала алмайды. Оның өзгеруі мен дамуы патриоттық тәрбие жүйесінің бірінші кезектегі міндеттерінің жетістіктерімен, сондай-ақ біздің қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа салаларында болып жатқан өзгерістермен, сондай-ақ мектептегі әскери-патриоттық тәрбие жүйесін басқарудағы икемділікті анықтайтын қазіргі әлемнің жана жағдайларымен байланысты [5].

«Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңға сәйкес жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде әскери қызметке дайындықты қалыптастыруға бағытталған. Әскери-патриоттық тәрбие ерекше бағыттылығымен, әрбір азаматтың Отанға қызмет етудегі өз рөлі мен орнын терең түсінуімен, әскери қызмет талаптарын орындау үшін жоғары жеке жауапкершілігімен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында әскери борышын орындау үшін қажетті қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру қажеттігіне сенімділігімен сипатталады. Сабақтың жоғары сапасы жақсы оқу-материалдық базасыз мүмкін емес, сондықтан мектепте оны құру және жетілдіру жұмыстарын жүргізу қажет. Мектептерде пәннің барлық бөлімдері бойынша түрлі-түсті стендтермен, техникалық құралдармен жабдықталған әскери кабинет құру қажет, әскери тақырыптағы оқу және көркем фильмдер жиынтығы бар бейне жүйесі болғаны жақсы.

Әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында жалпы білім беретін пәндерді шебер пайдалану оқушыларды Отанды қорғауға дайындаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Бастауыш сыныптарда оқушылар Отан, Патриот, азат етуші жауынгер сияқты ұғымдарды түсінеді. Күнделікті жұмыста, педагогикалық кеңестерде пәндердің назарын кез-келген пәннің сабақтарында әскери-патриоттық тәрбие берудің үлкен мүмкіндіктеріне аудару қажет.

Тарихты зерттеу жауынгер мен армия туралы, әділ және әділетсіз жауынгерлер туралы, тарихтағы бұқара мен тұлғаның рөлі туралы негізгі ережелерді білуге көмектеседі. Тарихи білімді игеру патриоттық және халықаралық сезімдерді одан әрі дамытумен және нығайтумен тығыз байланысты.

Өз елінің азаматы мен патриотының қалыптасуында әдебиет маңызды рөл атқарады. Кеңестік мектепте жұмыс істейтін бағдарламаларды талдау мынаны көрсетеді: әдеби білім беру негізінен оқушыларды патриоттық тәрбиелеу міндеттерін шешуге, оларды социалистік Отанды қорғауға дайындауға бағытталған. Отан қорғаушылардың, оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресушілердің жарқын бейнелері Отанды, өздерінің батыр халқын сүюге үйретті, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін көрсетті.

Әдебиет сабақтарында көркем шығармалардың позитивті кейіпкерлерінің мысалдарында жастардың адамгершілік мұраттары қалыптасады, алыс өткеннің қазіргі заманмен жанды байланысы орнатылады, Отанымыз бен халқымыз үшін мақтаныш сезімі тәрбиеленеді. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері оқушылардың шығармашылық жұмыстарын әскери-патриоттық тақырыптарда белсенді қолдана алады.

Әскери-патриоттық тәрбиемен кешенді түрде АӘД бойынша сабақтарға қатысу оқушыларға оң әсер етеді. Олар мектепте де, мектептен тыс уақытта да тәртіпті бола бастайды, олардың жалпы физикалық деңгейі көтеріледі, түзету мен жинақ жақсарайды, әскери мамандық таңдауға қызығушылық пайда болады.

Азаматтығы жоғары дәрежеге ие тұлғаны қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысын жетілдіру бүгінгі күннің талабы ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді бағдарлама болып табылады. Уақыт әлеуметтік-саяси дамудың жаңа жағдайларында дербестігі бар, нарықтық қатынастар жағдайында өмір сүріп қана қоймай, жұмыс істей алатын, сонымен қатар демократиялық қоғамның саяси процестеріне қатыса алатын, халықаралық, тиісті патриоттық қасиеттерге ие әлеуетті мемлекет жағдайында жоғары рухани-адамгершілік көзқарастары бар азаматтың қалыптасуын талап етеді [6].

Қазіргі әлем алуан түрлі және біздің жас, егемен мемлекетіміз бейбітшілік пен тату көршілікке өз стратегиясын құруда. Алайда, әртүрлі әскери қауіптер әлі жойылған жоқ. Бұл тоқтамайтын жергілікті соғыстар, халықаралық терроризмнің күшеюі және экстремистік топтар мен бірлестіктердің әрекеті.

Мұндай әскери қауіптердің болуы бізді әскери доктринаны жетілдіруге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударуға мәжбүр етеді.

Қорытындылай келе, қазақстандық патриотизм - көп өлшемді құбылыс. Біз үшін Отан туған үйден, отбасынан, көпұлтты еліміздің бірлігінен, оның тұтастығынан, егемендігінен, қауіпсіздігінен басталады.

Оқушылардың патриоттық тәрбиесі өз Отанын сөзбен емес, іс жүзінде сүйетін нағыз патриоттардың ұрпағын өсіре алатын біріктіруші күшке айналуы керек. Патриотизм халықтың рухани сауығыуына жаңа серпін беруге арналған, елімізді тұғырға көтеретін ұрпақ ұлттық байлықты арттырып, өмір сүру деңгейін жақсарта алады.

Әдебиеттер:

1. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. — М.: Русский язык, Том 1–4, 1989 – 1990. – 452с.
2. Ожегов С. И. Словарь русского языка. URL: <http://www.ozhegov.org/> (Дата обращения: 02.11.2017). – 236с.
3. Ауэзов М. Абай Кунанбаев: Монографические исследования и статьи. /Сост. Акбаев Н. — Алматы: Санат, 1995. - 320с.
4. Арманова Ж.А., Маженова Р.Б., Шарзадин А.М., Манашова Г.Н., Джабаева Г.Н. Основные принципы формирования патриотизма у молодежи в условиях современного Казахстана // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 1-6. – 463с.
5. Козыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В 2-х книгах. Кн. 1. — Алматы: Ғылым, 2000. - 420с.
6. Назарбаев: Патриотизм является нерушимой опорой Мәңгілік Ел. URL: <http://muftuat.kz/ru/news/11876> (Дата обращения: 02.11.2017).

Нуркеев Р.Ж., Кайырбеков Е.Д., Біраяқ Ж.Б., Николаев С.С.
Карагандинский университет им. Е.А. Букетова

РОЛЬ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСКОЙ ПОЗИЦИИ У МОЛОДЕЖИ

Военно-патриотическое воспитание занимает важное место в образовательной и воспитательной системе государства, поскольку оно направлено на укрепление патриотизма, чувство долга и ответственности перед обществом. В современных условиях активизация такой работы играет ключевую роль в формировании гражданской позиции молодежи. Цель данной статьи – рассмотреть, каким образом военно-патриотическое воспитание способствует развитию гражданской активности, укреплению нравственных ценностей и социальной ответственности молодых людей[1].

Понятие военно-патриотического воспитания

Военно-патриотическое воспитание – это система мер и мероприятий, направленных на развитие у молодежи патриотического сознания, уважения к истории и культуре своей страны, а также готовности защищать Родину. Этот вид воспитания включает в себя изучение военной истории, участие в патриотических мероприятиях (парадах, памятных акциях), знакомство с традициями армии и вооруженных сил. Особое внимание уделяется воспитанию готовности к самоотверженному служению государству и обществу[2].

Важной задачей является не только пробуждение интереса к военной тематике, но и формирование нравственных качеств, таких как ответственность, дисциплинированность,